

## Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 894

"Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарды жасасудың тәртібі туралы және Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 мамырдағы N 484 P980484 \_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Андас-Алтын" тау-кен компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылғы 10 қаңтарда берген, Шығыс Қазақстан облысының Орталық - Мұқыр кен орнын өндіруге арналған, сериясы МГ N 102 Д (алтын) лицензиясымен берілген жер қойнауын пайдалану құқығын кепіл ретінде "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамына беруге рұқсат етілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ол қолданысқа енгізілген күннен бастап алты айдың ішінде кепіл шарты жасалмаған жағдайда күшін жоюды.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі